

8-сынып оқушыларына арналған виртуалды химия курстарын жасау әдістемелері

Білім беру жүйесін дамытудың заманауи өрдістері оқу үдерісіне компьютерлік технологияларды ендіруді көздейді, қоғамдық өмірдің барлық салаларына белсенді түрде қатысатын, өздігінен жұмыс істей алатын, шығармашылығы мол тұлғаны қалыптастыру жоғарғы оқу орындарының негізгі міндеттерінің бірі. Бұл мәселе, білім саласының негізгі буыны – орта мектепте әсіресе өткір сезіледі, бірқатар зерттеушілердің пікірі бойынша және ғылыми әдибеттерді талдама жасау кезінде электронды оқу материалдарын оқу үрдістеріне кеңінен енгізудің пайдалы жақтарымен қатар келеңсіз жақтарының бар екеніне көзіміз жетіп отыр [33-34].

Компьютерлік білім беру саласындағы шынайы әлем объектілерінің тәртібін үлгілеуге көмектесетін және оқушыларға өздігінен жаңа білім мен машықтарды игеруге жәрдемдесетін виртуалды зертханалар тәжірибеші-педагогтардың назарын аударады. Профессорлардың пікірінше, виртуалды зертхана «оқу, оқу-әдістемелік, тәжірибелік, анықтамалық, оқу-бақылау және бақылау-тестілеу материалдарын құрайтын интеграцияланған ақпараттық орта» болып табылады. Олар «виртуалды зертхана – ол математикалық модельдерді құрудың кең мүмкіндіктері мен көптеген виртуалды құрылғылары бар бір бағдарламалық-есептеу кешені болып табылатын әр түрлі физикалық құбылыстарды зерттеудің аппараты» деп есептейді [23-29].